

# Ұлы Дағаның тарихи-мәдени мұрасы Мажарстан жүртшылығына таныстырылды

Жақында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық мұражайы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілген міндеттерді іске асыру мақсатында ҚР Президенті Әкімшілігі бекіткен шаралар жоспарының «Қазіргі заманғы қазақстандық мәдениет жаһандық әлемде» бағыты бойынша ҚР МОМ директоры Нұрсан Әлімбайдың жетекшілігімен көшпелілер мәдениеті контекстінде қазақ халқының тарихын, оның мәдениетінің сан алуан «бояуларын» көрсету мақсатында Мажарстанның Сазхаломбатта қаласындағы Матрика мұражайында «Ұлы Дағаның тарихи-мәдени келбеті» атты халықаралық жылжымалы көрме ашты. Бұл Елбасының бағдарламалық мақаласы аясында ұйымдастырылып отырған үшінші халықаралық көрме. Бұған дейін ҚХР мен Түркия Республикасында өткізілген жылжымалы көрмені мажарстанның қауым жылы қарсы алды.

Орталық музейдің қор коллекциялары негізінде ұйымдастырылған көрменің тұсаукесер рәсіміне Сазхаломбатта қаласы әкімшілігінің басшылығы, Қазақстан Республикасының Мажарстанның елшілігінің өкілдері, сондай-ақ мажар ғылыми-мәдени және іскерлік тобының өкілдері қатысты.

Көрменің ашылу салтанаты барысында сөз алған Сазхаломбатта қаласы мэрінің орынбасары Ласло Шинка, Қазақстан Республикасының Мажарстанның елшілігінің Ішкі саяси сұрақтар және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық бойынша үшінші хатшысы Ермек Жылқайдаров, Матрика мұражайының директоры Магдольна Вице жылы лебіздерін білдіріп, екі ел арасындағы достастық қарым-қатынастар мен мәдени байланыстардың мәнінің зор екендігін ерекше екшеп айтты. Сонымен қатар атамыш көрме екі ел арасындағы мәдени байланыстардың жағдайында маңызды оқиға болып табылады деп баға берді. Өз сөзінде Орталық мұражай директорының орынбасары Б. Дандағараева мұражайлар арасындағы мәдени ынтымақтастықты

тілге тиек ете келе, екі елдің мәдениетін саласындағы бірлескен қадамына, қадым заманнан көші-қоны бір болған мажарлықтарға алғысын білдірді. Көрменің салтанатты ашылу рәсімінде қазақ күйі әуелеп, қара домбыра күмбірі келушілерге ерекше көңіл-күй сыйлады.

Жүртшылық назарына ұсынылған бұл көрмеге көшпелі өркениетті қалыптастырылған сақ, үйсін және қаңылардың жоғары даму деңгейіне жеткен бай мәдениетін көрсететін және

дәстүрлі қазақ мәдениетін паш ететін мәдени құндылықтар қойылып, таныстырылды. Олардың қатарында аң стиліндегі қару-жарап, ат әбзелдері, шырағдандар және Оңтүстік Қазақстан территориясынан табылған ғұрыптық атрибуттар, қыш ыдыстар қойылған. Көрме экспозициясының орталық алаңына орналастырылған Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» реконструкциясы келушілердің назарына айрықша ілініп, ерекше қызығушылық тудырды.



# Ұйғыр ауданының ауылдарына да көгілдір отын келді

Әзіл-қалжының аралас жүретіндер осы күні «Көмірдің күні өтті» дәйтін болыпты. Иә, еліміздің замана көшінен қалмауының көрінісі көп. Соның бірі елді газбен қамтамасыз ету. Қазір Алматы облысының аумағында газ тарту ісі қызу жүріп жатыр. Өткен жылды облыс орталығы Талдықорған қаласын көгіл дір отын ға қосу ісі толықтай аяқ талып, қала маңындағы Ескелді, Қексу аудандары мен Текелі қаласына дейін газ құбыры тартылған еді.

Табиғи газ тұтынуға енді аймақтың шеткери аумағының бірі Ұйғыр ауданы тұрғындары да қол жеткізді. Жақында Шонжы ауданында көгілдір отын мен қам тамасыз ететін газ тара ту қондырығысының ашылуы өтті. Орталықтандырылған жаңа газ құбырымен алғашқы табиғи көгілдір отынды жіберу салтанатына арнайы келген облыс әкімі Амандақ Баталов қуанышты сәтке қуә болған барша аудан түр ғындарын құттықтады.

– Жетісу өңірінде, оның ішінде Талдықорған аймағында табиғи газ тұтыну – бұрын-соңды болмаған жағдай. Біз мемлекеттің қолдауы арқасында қазір облыстағы әр үйдің көгілдір отын ға қосылуына жұмыс істеп жатыр мыз. Алыс аудандардан алғашқы болып Қарадалы өңірі газ желісіне қосылды. Ендігі бағыт – Кеген мен Райымбек аудандары. Осы маңаттан айнымай, Талдықорғанға жеткен газ желісін Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарына дейін тартуды жалғастырамыз. Бұған мүмкіндік бар, – деген облыс әкімі Амандақ Баталов елімізді газдандыруға қатысты Елбасы жүктеген міндеттің орындалып жатқанын айтты.

Шонжы ауылындағы газ тарату стансасының құрылышы әлі толық аяқталған жоқ. Оған «Шарын» автоматтандырылған газ тарату стансасы, Шонжы ауылына дейінгі 9,5 шақырымдық жағдайдағы газ құбыры және 46 шақырымдық орташа қызыл газ тарату жүйесінің құрылышы кіреді. Қазіргі таңда ауылшілік жүйелердің құрылышын таждау жұмыстарының II кезеңінің құрылышы жүргі зілуде. Жұмыс тарды 2019-2020 жылдардың жылдыту маусымының бас талуына дейін аяқтау жоспарлануда.

Алғашқы кезеңді іске қосу бары сында-ақ ауылдағы 42 абономент көгілдір отынға бір күнде қо ылған, 150 үйдің өтініші кезекте түр. Бұл өңірдегі көгілдір отынға де ген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді. Жалпы, бір ғана Шонжы ауданында 5 абономент газ же лі сіне қосылуға дайын отыр екен.



Сонымен қатар киіз үй мен оның жабдықтары, дәстүрлі қазақ ортадағы киім-кешек үлгілері, зергерлік әшекей бүйімдар, кесте үлгілері мен тұрмыстық бүйімдар көрменің мазмұнын айшықтай түсти.

Көрмені тамашалауға жиналған келушілер қатарында Мажарстандағы қазақ диаспорасы өкілдері, студенттер және қазақ мәдениетіне қызығушылық білдірген зерттеушілер, жалпы қала қонақтары мен туристер де болды.

Атаптың көрме аясында мәдени құндылықтарды сақтау, қалпына келтіру саласы бойынша тәжірибе алмасу, көрме, археологиялық, антропологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша бірлесіп жұмыстар атқару бойынша уағдаластыққа қол жетті.

Елбасының мәдени мұраны жаһандық әлемге таныстыру жайындағы тапсырмасының кезекті қадамын Орталық мұражай ұжымы сәтті орындаады. Көрме жұмысы 2019 жылдың шілдесіне дейін жалғасады.

**У.АШИМОВА,**  
Бас қор сақтаушы

**Қ.МҰХАМБЕТҚАЛИ**